

«СҚО әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Мағжан Жұмабаев ауданының аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау бойынша талдамалық анықтама

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8 бабы 1,5 тармақтарының, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 19.10.2016 ж. №12 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының, «Мағжан Жұмабаев ауданының аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК 23.04.2024 ж. № 88-НҚ «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдауды тексеру жүргізу туралы» бұйрығының, «СҚО әкімдігінің ДСБ» КММ «Мағжан Жұмабаев ауданының аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК комиссиясы (бұдан әрі — кәсіпорын) 01.05.2023 жылдан бастап 30.04.2024 жылға дейінгі 12 ай ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

I. Талдау объектісінің қызметіне қатысты ішкі нормативтік құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Кәсіпорын өз қызметін СҚО әкімдігінің 15.01.2019 жылғы №8 қаулысымен бекітілген Жарғы негізінде жүзеге асырады. Кәсіпорын қызметінің мәні денсаулық сақтау саласындағы өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру болып табылады.

Келесі нормативтік-құқықтық актілер талданды:

- Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі;
- "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" ҚР Кодексі;
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі; - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 13 қарашадағы № ҚР ДСМ-194/2020 "Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарына жеке тұлғаларды бекіту қағидаларын бекіту туралы" бұйрығы;
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № ҚР ДСМ-198/2020 "Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақ немесе анықтама беру қағидаларын бекіту туралы" бұйрығы;
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2022 жылғы 24 наурыздағы № 27 "Қазақстан Республикасында стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсету стандартын бекіту туралы" бұйрығы;
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № ҚР ДСМ-89 "Азаматтарды дәрілік заттармен қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" бұйрығы;
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-303/2020 "Денсаулық сақтау саласындағы мамандарға қосымша және бейресми білім беру қағидаларын, Денсаулық сақтау саласындағы қосымша және бейресми білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарын, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы мамандардың қосымша және бейресми білім беру бағдарламалары арқылы алған оқыту нәтижелерін тану қағидаларын бекіту туралы" бұйрығы;
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 мамырдағы № ҚР ДСМ-49/2020 "Денсаулық сақтау саласында мемлекеттік қызметтер көрсетудің кейбір мәселелері туралы" бұйрығы;
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 15 қазандағы № ҚР ДСМ-131/2020 "Міндетті медициналық қарап-тексеруге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ оларды жүргізу қағидалары мен

кезеңділігін, зертханалық және функционалдык зерттеулердің көлемін, медициналық қарсы көрсетілімдерді, орындалуы кезінде жұмысқа түсу кезінде алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулер және мерзімдік міндетті медициналық қарап-тексерулер жүргізілетін зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың, кәсіптер мен жұмыстардың тізбесін бекіту туралы "Алдын ала міндетті медициналық тексеруден өту" мемлекеттік қызмет көрсету ережесі" бұйрығы.

Кәсіпорынның қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілерді талдау нәтижелері сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы жұмыстың тиімділігі мен нәтижелілігін арттыруға ықпал ететін бірқатар құқықтық факторлардың бар екендігін көрсетеді.

II. Талдау объектісінің ұйымдастырушылық басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Кәсіпорынның ұйымдық-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау келесі мәселелер бойынша жүргізілді:

1. Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы;
2. Мүдделер қақтығысын реттеу;
3. Мемлекеттік қызмет көрсету;

4. Кәсіпорынның ұйымдастырушылық және басқарушылық қызметінен туындайтын басқа мәселелер.

Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде зерттелетін кезеңде келесі қызмет бағыттары талданады.

1. Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы.

Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтегі ішкі тәуекелдерге жүргізілген талдау кәсіпорындағы персоналды басқару ҚР қолданыстағы еңбек заңнамасына, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" ҚР Заңына, сондай-ақ өзге де заңдар мен заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылатынын көрсетті. Кәсіпорынның штат саны 31.04.2024 ж. жағдай бойынша 628 штат бірлігін құрайды. – 520 адам, бос лауазымдар саны – 31, жұмыстан босатылған қызметкерлер – 100 адам, жұмысқа қабылданған – 69 адам, тәртіптік жауапкершілікке тартылған – 50 қызметкер. 01.05.2023 жылдан бастап 31.04.2024 жылға дейінгі 12 айда 72 өтініш түсті, оның ішінде жеке тұлғалардан – 51, заңды тұлғалардан – 21.

2. Мүдделер қақтығысын реттеу.

Кәсіпорынның қызметін зерттеу кезінде мүдделер қақтығысының болуына талдау жасалды. Басшылық лауазымдарда жақын туыстарының, жұбайлары мен жекжаттарының бірлескен жұмыс фактілері анықталған жоқ. 01.09.2022 жылдан бастап 01.05.2023 жылға дейін 8 ай ішінде қабылданған қызметкерлердің басшы құраммен үлестестігі белгіленбеген. Қызметкерлердің жеке істерін зерттеу барысында мүдделер қақтығысы фактілері анықталған жоқ.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету.

Денсаулық сақтау саласындағы кәсіпорын мынадай мемлекеттік қызметтер ұсынады:

1. Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымға тіркелу (электрондық, ішінара автоматтандырылған/қағаз түрінде);

2. Дәрігерге жазылу (электрондық, ішінара автоматтандырылған/ бетінеқағаз түрінде);

3. Дәрігердің үйге шақыру (электронды, ішінара автоматтандырылған/қағаз);

4. Алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін медициналық ұйымнан анықтама беру (электрондық, ішінара автоматтандырылған/қағаз түрінде);

5. Еңбекке уақытша жарамсыздық парағын беру (электрондық, ішінара автоматтандырылған/қағаз түрінде);

6. Еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтама беру (Студенттер үшін электрондық, ішінара автоматтандырылған, қағаз түрінде);

7. Стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді көшірме беру (электрондық, ішінара автоматтандырылған/қағаз түрінде);

8. Пациенттерге науқасты стационарға жатқызуға жолдама беру (электрондық, ішінара автоматтандырылған/қағаз түрінде);

9. Денсаулық сақтау саласы кадрларының біліктілігін арттырудан және сертификаттау курстарынан өткені туралы құжаттарды беру (электрондық, ішінара автоматтандырылған/қағаз түрінде);

10. Алдын ала міндетті медициналық тексеруден өту (электрондық, ішінара автоматтандырылған/қағаз түрінде);

11. Көлік құралын басқаруға рұқсат беру туралы анықтама беру (электрондық, ішінара автоматтандырылған/қағаз түрінде);

12. Санаторий-курорттық емделуге қажеттілік туралы қорытынды беру (электрондық, ішінара автоматтандырылған/қағаз түрінде).

Кәсіпорын ағымдағы кезеңде барлығы 161683 қызмет көрсетті, оның ішінде:

1. Дәрігерге жазылу - 143 320;

2. Дәрігерді үйге шақыру - 791;

3. Еңбекке уақытша жарамсыздық парағын беру - 1618;

4. Еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтама беру (студенттік) - 151;

5. Стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді көшірме беру - 2613;

6. Пациенттерге стационарға жатқызуға жолдама беру - 1230;

7. Азаматтардың жекелеген санаттарына дәрілік заттарды, мамандандырылған емдік өнімдерді, медициналық мақсаттағы бұйымдарды беру - 9989;

8. Алдын ала міндетті медициналық тексеруден өту - 477;

9. Көлік құралын басқаруға рұқсат беру туралы анықтама беру - 167;

10. Санаторий-курорттық емделуге қажеттілік туралы қорытынды беру - 61;

11. Алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін медициналық ұйымға тіркелу - 868; Қағаз түрінде - 23;

12. Алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін медициналық ұйымнан анықтама беру - 375;

13. Транспланттау мақсатында ағзалардың (органның бір бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тіннің бір бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығына өмір бойы бас тартуды немесе келісімді тіркеу - 0.

Бұл қызметтер Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 13 қарашадағы № ҚР ДСМ- 194/2020 "Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарына жеке тұлғаларды тіркеу қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № ҚР ДСМ-198/2020 "Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақ немесе анықтама беру қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2022 жылғы 24 наурыздағы № 27 "Қазақстан Республикасында стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсету стандартын бекіту туралы" бұйрығына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № ҚР ДСМ-89 "Азаматтарды дәрілік заттармен қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-303/2020 "Денсаулық сақтау саласындағы мамандарға қосымша және бейресми білім беру қағидаларын, денсаулық сақтау саласындағы қосымша және бейресми білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарын, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы мамандар қосымша және бейресми білім беру арқылы алған оқыту нәтижелерін тану қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-308/2020 "Адамның ағзаларды (органның бір бөлігін) және (немесе) тіндерді (тіннің бір

бөлігін) қайтыс болғаннан кейін донорлыққа өмір бойы ерік білдіруін және бұл туралы жұбайын (зайыбын) немесе жақын туыстарының бірін хабардар ету қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес көрсетіледі.

4. Кәсіпорынның ұйымдастырушылық және басқарушылық қызметінен туындайтын басқа мәселелер. Мемлекеттік сатып алу.

"СҚО әкімдігінің қаржы басқармасы" КММ 16.02.2022 жылғы №391 "Мүлікті бекіту туралы" бұйрығына сәйкес "Облыстық фтизиопульмонология орталығы" ШЖҚ КМК балансынан "Мағжан Жұмабаев ауданының аудандық ауруханасы" ШЖҚ КМК балансына СҚО, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Шоссейная көшесі, 5 ғимарат мекенжайы бойынша орналасқан аурухана кешені (оңалту орталығы) берілді. Осылайша, 2023 жылы жүргізілген талдау кәсіпорын үшін осы аурухана кешеніне қызмет көрсету мен күгіп ұстаудың тиімсіз екенін көрсетті. Осыған байланысты бұл нысанды басқа мақсаттарда пайдалану үшін аудандық деңгейге беру қажет.

ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына сәйкес 12 айда 01.05.2023 жылдан бастап 30.04.2024 жылға дейін жалпы сомасы 433 448 739 теңгеге мемлекеттік сатып алу веб-порталында 449 мемлекеттік сатып алу рәсімі өткізілді: оның ішінде баға ұсыныстары тәсілімен 89 947 963 теңгеге - 260. Ашық конкурс арқылы 3 644 169 теңге сомасына 1 рәсім, негіздемелік келісімді пайдалана отырып конкурстың екінші кезеңі - 25 045 182 теңге сомасына 6 рәсім, рейтинг-балдық жүйені пайдалана отырып конкурс 1 118 722 953 теңге сомасына 1 рәсім, алдын ала біліктілік іріктеумен конкурс - 358 400 теңге сомасына 1 рәсім, оның ішінде тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден - 67 948 023 теңге сомасына 17 рәсім, тауар биржалары арқылы - 16 771 250 теңге сомасына 1 рәсім, өткізілмеген сатып алу бойынша бір көзден - 96 689 189 теңге сомасына 143 рәсім. Электрондық дүкен арқылы 96 689 189 теңге сомасына 13 рәсім..

Мемлекеттік кәсіпорындардың үлгілік жарғысында бекітілген ережелерге байланысты кәсіпорындардың қызметі даму жоспарына сәйкес өз табысы және бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады. Мемлекеттік сатып алудың үлгілік шартының 7.7-тармағына сәйкес "Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, өнім беруші осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына байланысты ол бұзылған жағдайда авансты қамтамасыз етуді (егер шартта аванс көзделген болса) қайтармайды". 2023 жылғы 01 мамырдан 2024 жылғы 30 сәуірге дейінгі кезеңде жүргізілген талдау осы кезеңде кәсіпорын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне 4 жосықсыз өнім берушіні енгізгенін және бұл қамтамасыз ету мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың Тапсырыс берушінің шотына түспегенін және бұл қамтамасыз етудің қайда кететіні белгісіз екенін көрсетті.

Ұсыныстар:

- 1. Мемлекеттік сатып алудың үлгілік шартының және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 7.7-тармағына және электрондық мемлекеттік сатып алуды жүргізу қағидаларына сәйкес сәйкестікке келтіру үшін мемлекеттік сатып алудың электрондық порталына қызмет көрсететін техникалық қолдау хатына және уәкілетті органға бастамашылық жасау қажет.*
- 2. Уәкілетті органға аурухана кешенін (оңалту бөлімшесін) басқа мақсаттарға аудандық деңгейге беру туралы хатқа бастамашылық ету қажет.*

Қорытынды: кәсіпорынның сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау сыбайлас жемқорлықтың туындауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды азайту бойынша қабылданып жатқан шараларға қарамастан, ұйымдық-басқару қызметінде кейбір сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бар екенін көрсетті. Осыған байланысты кәсіпорын қызметкерлерінің өздерінің лауазымдық нұсқаулықтарын сақтауын тұрақты бақылау жолымен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша болдырмайтын қосымша шаралар қабылдау қажет. Ол үшін бағынысты қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы

шараларды сақтағаны үшін жауапкершілік жүктей отырып, басшы тұлғаларды айқындау қажет.

Комиссия мүшелері:

директордың МСАК жөніндегі орынбасарының м.а. Масерова Ю.Г.,
директордың емдеу жұмысы жөніндегі орынбасары Мағзұмова А.Қ.,
Кәсіпорынның Бақылау кеңесінің төрағасы Ткачева И.А.,
ӘКБ меңгерушісі Бекқожина Д.Т.,
заңгер Қозуев Д.Т.

Таныстым **Директор**

Сағындықова Г.Т.

03.06.2024 ж.

